

Ақтөбе облысы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 222 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағының 8) тармақшасына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 тіркелген) бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Е. Тоғжанов

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы

24 тамыздағы № 222 қаулысына

қосымша

Ақтөбе облысы бойынша жергілікті бюджет есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--	--	--

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Жоғары білім берудің даярлау бағытының коды және атауы	2023-2024 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	Оқу жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (теңге)	
				ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында	ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында
1	Бакалавр 6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6В013 Пәндік мамандандырыл маған мұғалімдерді даярлау	3	1 010 900	901 000
		6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	2	1 010 900	901 000
		6 В 0 1 5 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	13	1 010 900	901 000
2	Бакалавр 6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6В021 Өнер	3	1 049 300	922 500
		6 В 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	10	1 049 300	922 500
3	Бакалавр 6В04 Бизнес, басқару және құқық	6В041 Бизнес және басқару	2	799 100	714 900
4	Бакалавр 6 В 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6В073 Сәулет және құрылыс	2	1 004 700	920 500
5	Бакалавр 6В11 Қызмет көрсету	6 В 1 1 4 Әлеуметтік жұмыс	2	799 100	714 900
6	Резидентура 7R09 Денсаулық сақтау (медицина)	7R09 Денсаулық сақтау	43	1 939 900	1 398 900
	Барлығы:		80	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК